

Төлен Ж.М.

*Ph.D, Әлеуметтік ғылымдар кафедрасының ассистент профессоры,
Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУ САЯСАТЫ

Аңдатпа: Аталған мақалада автор қоғамның саяси тұрақтылығы бүгінгі таңда барлық мемлекеттер үшін өте маңызды, өткір мәселеге айналып отырғанын атап, мемлекеттің тұрақты стратегиялық дамуы ішкі саяси тұрақтылықсыз амалға аспайтынын меңзейді. Сондықтан қандай да бір ел болмасын ең бірінші өзінің ішкі саяси тұрақтылығы мен біртұтастығын сақтауға сол арқылы мемлекеттің ортақ идеологияға топтасуына негізделуі қажет. Көпэтносты, көпконфессиялы Қазақстан үшін елдің ішкі саяси тұрақтылығын сақтау тәуелсіздік жылдарынан бастап мемлекеттің стратегиялық бағдары болғанын атап өтеді. Сонымен қоса мақалада көпэтносты қазақстан қоғамында этносаралық қатынастардың дамуы мен оны реттеудің тетіктері көрсетіледі. Мемлекетте азаматтық қоғамды дамыту және азаматтардың бойында толеранттылық пен өзара түсіністік мәдениетін қалыптастыру, Қазақстандағы этносаралық қатынастарды реттеудің басты жолы болып табылатындығы аталады. Қазақстандағы саяси тұрақтылықтың орнауы тікелей мемлекетте қалыптасып отырған этносаралық келісімнің қазақстандық моделіне байланысты қарастырылады.

Кілт сөздер: Этносаралық қатынастар, азаматтық қоғам, саяси тұрақтылық, қоғамдық келісім, демократия, консенсус.

Қай заманды алсақ та сол дәуірдің негізгі өзекті мәселесі болып табылатын басты қағидаты, қоғамның тұтастығы мен мемлекеттің тұрақтылығы. Мемлекет тұрақтылығын сақтау сол қоғамда өмір кешіп отырған әрбір ұлттың, халықтың бірден-бір міндеті болып табылады.

Американ саясаттанушысы С.Хантингтон болжағандай ХХІ ғасыр әлемдік геосаясатта өткен тарихтағыдай топтық, таптық, идеологиялық белгілеріне қарай емес, ұлттық мәдени ерекшеліктеріне қарай бірігейленеді (идентификация), топтасады. Соның негізінде мәдени шығу тегі ортақ ұлттар, этностар мен басқа жат мәдени ерекшеліктегі ұлттар, этностар арасында келіспеушілік, араздық орын алады. Ол қақтығыс мемлекет ішінен басталып, аймақтық, жаһандық деңгейге дейін жетеді де, нәтижесінде өркениеттер арасындағы қақтығысқа ұласады, деген өзінің дүниежүзін дүрліктірген мәлімдемесін жасаған болатын. Уақыт өте әлемдік кеңістікте ұлттық-этникалық қақтығыстар өте жиі орын алмаса

да, өз көрінісін беріп, белгілі бір деңгейде көрсеткішін арттыруда [1].

XXI ғасыр әлемдік аренада дүниежүзі халықтарының басты мәселелерінің біріне айналған ұлттық алауыздық, этникалық келіспеушілік одан әрмен өрши түсуде. Оны тоқтату не алдын алу іс-әрекетін жасау қай мемлекеттің болмасын әлем алдындағы беделін асқақтатары сөзсіз. Ол әр мемлекеттің қолынан да келе бермесі де анық. Осыған орай әлем халықтарының тыныштығын, бейбіт өмір кешуін қамтамасыз ету мақсатында аймақтық, халықаралық деңгейде ұйымдар мен бірлестіктер (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД, ИКҰ, ШЫҰ т.б.) құрылып, өз деңгейінде қызметтерін атқарып отырғанын білеміз. Ал нақты мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен таулыққа негізделген іс-әрекеттер тәуелсіздігін алғанына 25 жыл болған Қазақстанда нақты өз көрінісін беруде. Ол мемлекет үшін өте ауыр, қиын сәттерге толы сан қилы сынақтардан өту нәтижесінде ғана белгілі бір деңгейде қол жеткен жетістік.

Қазақстан Республикасы өз дамуында әлеуметтік және экономикалық күйзеліске ұшырамай, бейбітшілікті және ынтымақтастықты сақтап қала алды. Елімізде этносаралық ынтымақтастықтың, мәдениеттер және конфессиялар келісімінің өзіндік үлгісі қалыптасты.

Этносаралық ынтымақтастықпен қатар әлеуметтік келісімнің беріктілігі мемлекеттің осы саладағы саясатына байланысты. Республикада этностық немесе діни тиістілігіне қарамастан, әр азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін құқықтық база құрылған. Мемлекетте діни немесе этностық жағынан қысым көрсететін бір де бір заң жоқ. Дәстүрлі және либералды құндылықтарды үйлестіру жолымен, мемлекеттік құрылыстың негізіне, азаматтық тиістілігіне байланысты ұлттық бірдейлік принципі орнатылған.

Әлемдік тәжірибені және демократияның негізгі құндылықтарын ескеретін осы қолайлы бағыт, этносаралық ынтымақтастықтың жоғары дәрежесін қамтамасыз етті.

Саяси партиялардың азаматтық бейбітшілік пен этносаралық ынтымақтастықты күшейтудегі үлесі зор. Бұл, біріншіден, этносаралық қатынастар саласындағы демократиялық негіздерін қолдап, оны әрі қарай дамытады.

Алайда, этносаралық ынтымақтастық шешуші деңгейде конфессиялар, үкіметтік емес ұйымдар және кәсіподақтар тәрізді азаматтық қоғамның құрылымдарына байланысты. Азаматтық қоғамның даму барысында әлеуметтік келісім орнатылады.

Қоғамдағы келісімнің жоғары дәрежесін бағалай отырып, күнделікті жалпы сана-сезімде және идеологиялық салада пайда болатын нақты мәселелерді қадағалап отыру жөн. Әрине, этностар арасында құндылықтар жүйесінде және құндылық ұстанымдарында айырмашылықтар бар.

Әлеуметтік-экономикалық, саяси және тарихи-мәдени салаларында пайда болатын мәселелерді шешудегі мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам құрылымдарының әрекеттері қаншалықты тиімді, партиялық жүйе қаншалықты жетілген?

Әлеуметтік келісімге, әсіресе әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы жағдайында, мемлекеттің тиімді әлеуметтік-экономикалық саясаты мүмкіндік жасайды. Әлеуметтік ой-пікірлердің талдауы, Елбасының дағдарысқа қарсы бастамалары, этностық тиістілігіне қарамастан тұрғындардың көпшілігінде қолдау тапқанын көрсеткен. Осылайша, этносаралық ынтымақтастық төмендемеген, керісінше, оның нығайта түскенін айтуға болады. Алайда, қоғам ішінде негізгі құндылықтар жөнінде, ең бастысы, экономикалық және әлеуметтік дамудың бағыттарына қатысты келіспеушіліктер бар.

Оппозицияның әлеуметтік-экономикалық дамудың біртұтас концепциясы жоқ екендігіне қарамастан, оның үкімет бағытын сынауы орынды әрі ақталған.

Осыған орай, атқарушы биліктің экономикалық және әлеуметтік даму стратегиясын жүзеге асыру барысына кейбір өзгертулерді енгізу қажет. Басқару жүйесін жетілдіру, қоғамдағы бірлікті және этносаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік жасайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрізді азаматтық қоғамның бірден-бір институты, этносаралық қарым-қатынастардың мәдениетін тәрбиелеуге, әртүрлі этностық мүдделерді ұштастыруға мүмкіндік жасайды. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында, Ассамблеяның қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтап қалуға мүмкіндігі мол.

Президенттің Жолдауын талқылап, Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы «Болашақ үшін бірігу» атты құжатты қабылдады. Азаматтарды этностық тиістілігіне қарамастан біріктіру, Ассамблеяның басты міндеттері қатарында. Біздің ойымызша, азаматтық қоғамның осындай беделді институты, қоғамды дағдарыстан шығару міндетін шешуге ықпал келтіретін әрекеттердің нақты жоспарын өңдеп, қабылдауы қажет [2].

Алайда, мемлекеттегі этносаралық қатынастардың жағдайын дәріптеудің қажеті жоқ. Этностар арасындағы қарым-қатынастар - әр мемлекеттің күрделі де бірыңғай емес мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанда этносаралық ынтымақтастықтың бірден-бір үлгісінің қалыптасқанына қарамастан, ғылыми талдауды және мемлекет саясатында ескеруді талап ететін мәселелер бар.

Тұрмыстық сана-сезімде, сондай-ақ идеологиялық дәрежеде пайда болатын империялық ой-пікірдің және этноцентризмнің айқындалуы, бірлікке және этносаралық ынтымақтастыққа қарама-қайшы келетін нақты факторлар болып табылады. Бір-біріне қарама-қайшы келетін осы

екі ағымның өкілдері, өз позицияларын дәлелдеу үшін теоретикалық талқылау қажет.

Этноцентризмнің байқалуын (қандай этносқа тән болса да) дұрыс бағалау жөн. Өйткені, тұрмыстық дәрежеде пайда болып, дау-жанжалдар жалпы этносаралық қақтығыстарға әкеліп соғуы мүмкін. Осы жағдайды дұрыс бағалап, мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының құралдарын қолдана отырып, бұл мәселені шешу жолдарын іздестіру қажет. Бұл мәселені жасырмай шешу керек.

Көптеген сарапшылар, біздің елімізде этностық бірдейліктің азаматтық бірдейліктен үстемдігі мол, этностық тиістілігіне қарай бөліну айқын көрінеді деп санайды. Осыған кейбір анықтамаларды енгізе кетсек.

Біріншіден, этностық бірдейлік, белгілі кездерде рулық бірдейлік болып қабылданады. Екіншіден, этностық сипаты жағынан бөліну, әлеуметтік-экономикалық бөлінуден басым емес. Осылайша, мигранттардың 28,9%, кетудің басты себебі ретінде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуін атаған және тек 18,7%, ұлтаралық қатынастардың нашарланғанын айтқан.

Этносаралық қатынастардағы көптеген үрдістер жасырын түрде өтуіне қарамастан, этностық бәсекелестік, әсіресе, мәдени-тіл саласында айқын белгіленген. Бұл қарама-қайшылықтар орыс элитасының орыс тіліне мемлекеттік лауазымын беруде айқындалады, ал қазақ элитасы осыны болдырмауға ұмтылады. Бейбітшілік және мәдениеттілік формасында өтіп жатқан бұл тартыста, орыс этносының өз лауазымын көтеруге талаптануын, ал қазақ элитасының мемлекетті құрушы этнос ретінде қазақтардың монополиясын сақтап қалуын байқауға болады. Орыс элитасының осы бағытын орыс тілін қолданатындар қолдайды, сондай-ақ қазақтар – тұрғылықты этностың урбанизацияланған бөлігі.

ҚР Конституциясында бекітілген орыс тілінің ресми қатынастарда қолданылатын тіл мәртебесі қолайлы шешім болып көрінеді. Осымен қатар, тіл саласындағы кейбір мәселелер барабар шешімдерді талап етеді. Олардың қатарында, біріншіден, іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі жатады.

Мемлекеттік жүйедегі этностардың өкілеттілігі мәселесі тиімді реттеуді талап етеді. Мемлекеттік басқару органдарында барлық этностар көрсетілмеген, бұл салада бір этностың басымдылығы айқын көрінеді. Ресей саясаттанушысы А. Куртовтың пікірі бойынша, 130 ұлт тұрақталған республикада, этностардың басым бөлігі мемлекеттік-саяси өмірден тыс қалады [3].

Республикада тұрақталған 130 ұлттың ішінде, тек 64 ұлттың өкілдері мемлекеттік аппаратта қызмет етеді [4].

Соңғы кездерде, этностардың мемлекеттік билік құрылымдарындағы өкілеттілігі мәселесінде кейбір өзгерістер байқалады. Бұл, біріншіден, Мәжіліске Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынған

депутаттары үшін квоталарды енгізу. Бұл Парламенттегі этностардың өкілеттілігі мәселесін шешуге бағытталған қадам. Алайда, респонденттердің пікірі бойынша, тұтас көрініс маңызды өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Социологиялық зерттеудің нәтижесі бойынша, респонденттердің 65,1% бөлек ұлттардың (этностық топтардың) биліктегі өкілеттілігін бағалай отырып, қазақ ұлтының үстемділігін және беделін белгілеген, сондай-ақ, орыс ұлтының өкілеттілігін жоғары бағалаған - 48,9%. Басқа ұлт өкілдеріне келетін болсақ, респонденттердің пікірі бойынша, олардың өкілеттілігі төмен, бұл, көбінесе, шешен ұлтына қатысты (көрсетілмеген - 25,3%).

Қозыбаев И.М. сарапшының пікірі бойынша, кадрлік саясаттағы қиғаштануларды, этностық топтардың тығыз тұрғылықты аудандарында жою керек, мемлекеттік тілді толығымен меңгерген этностық топтардың өкілдерін мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары қызмет орындарына ұсынуды тәжірибелеу, сондай-ақ, кадрлік қорларды қалыптастыруда ескеру қажет. Оның пікірі бойынша, саяси партияларға да осындай жұмыстар жүргізу керек. Сенімділіктің жоғары дәрежесін ескере отырып, сарапшының ойынша, берілген ұсыныстарды іске асыру механизмін жасақтау қажет.

Жалпы Қазақстан халқының дініне, діліне, тіліне қарамай іштей біртұтас қоғамдық құрылым болуға топтасуы (консолидация) үрдісінің табысты болуы, оның болашағы – дүниетанымдағы құндылықтар векторының және оның бағдарының ұтымды таңдалуына, өрбуіне байланысты екені зерттеушілер тарапынан айтылады.

Елімізде этносаяси проблемаларды болдырмау немесе алдын алу үшін біріншіден, этностық топтардың құқығын қорғау, екіншіден, этностық дамуды қамтамасыз ету, үшіншіден, жеке адамның құқығын қорғай отырып, демократиялық, азаматтық қоғамның ықпалын арттыру қажет.

Этносаралық қарым-қатынастар қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты фактор болып табылады. Соған орай Республикада этносаралық жағдайды анықтау үшін зерттеу (сауалнама) жүргізілген. «Қазақстандағы этносаралық жағдайды Сіз қалай бағалайсыз?» деген сауалнама еліміздегі бірнеше этнос өкілдерінен алынған болатын.

ҚР этносаралық жағдайды Сіз қалай бағалайсыз? (ұлттар бойынша)

		Этностық тегі							
		қазақ	орыс	Өзбек	украин	ұйғыр	татар	неміс	басқа
Сіз ҚР-ғы этносаралық жағдайды қалай бағалайсыз?	Сәтті тыныш	48,2 %	57,3 %	54,3 %	70,6 %	30,0 %	45,5 %	70,6 %	7,7 %
	Жақсылау	36,1 %	33,2 %	21,7 %	14,7 %	36,7 %	22,7 %	17,6 %	53,8 %
	Ішкі шиеленіс бар	11,6 %	7,8 %	17,4 %	8,8 %	26,7 %	18,2 %	11,8 %	15,4 %
	Қауіптілеу	2,2 %	1,4 %	6,5 %	2,9 %	3,3 %	4,5 %	0 %	7,7 %
	Тіптен қауіпті	0,7 %	0,3 %	0 %	2,9 %	3,3 %	9,1 %	0 %	7,7 %
	Басқа жауап	1,2 %	0 %	0 %	0 %	0 %	0 %	0 %	7,7 %

[5]

Нәтижесінде барлық этнос өкілдері респонденттерінің басым көпшілігі 70-80% Республикадағы этносаралық жағдайды тұрақты, оң деп, ал 10-15% тұрақсыз, қауіпті деп бағалаған. Жауаптардың басым көпшілігі этносаралық жағдай тұрақты, қолайлы, жақсылау дегенге саяды. Бұл мемлекеттің этносаралық қатынастарды белгілі бір деңгейде барынша тиімді реттеп отырғандығын көрсетсе, ал респонденттердің біраз бөлігі этносаралық қауіптің тууын жоққа шығармайды.

Қазақстанда этникалық қайшылықтарды шешуге бағытталған тұрақты әрі оңды үрдіс жүріп жатыр және сонымен қатар біріккен құндылықтар жүйесімен топтасқан қазақстан халқы деген тарихи қауымдастықтың қалыптасу белгілері көрініс беруде. Ә.Нысанбаевтың пікірінше саясаттанушылар «Қазақстан халқы» деген терминді естігенде өзін теориялық жағынан банкротқа ұшыраған «кеңес халқы» деген ұғымды еске алады. Айта кететін нәрсе: «Қазақстан халқы» тіптен басқа теориялық концептіге сүйенеді. Егер «кеңес халқы» жалпының жеке-дараны басып, жаншуымен, ассимиляциялауымен қалыптасса, онда «Қазақстан халқы», керісінше, жеке-дара мәдениеттердің, яғни ұлттық әлем бейнелерінің дамуы мен көркейінің негізіндегі біртұтастық пен бірлік деп қабылданады...» [6] деген сөздерінен еліміздегі қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, елдік бірліктің, ұлтаралық ынтымақтастықтың маңызды екенін аңғаруға болады. Дегенмен, осы жерде «Қазақстандық ұлт» емес Қазақстанда бір ғана ұлт – қазақ ұлты бар екенін баса айту керек. Ал қалғандары (аз санды болсын, көп санды болсын) этникалық топтар болып табылады, басқаша тілмен айтқанда этникалық

диаспоралар. Ал олардың унитарлық мемлекетте толыққанды тарихи субъект болуға мүмкіндіктері шектеулі және тарихи қисынға арқа сүйейтін болсақ, онда оларда негізінен этникалық болмыс этникалық өзіндік сананың мәселерімен, этномәдени жәдігерлердің жүйесімен айналысуға қауқарлы болып келеді. Сондықтан қазақтардың қоғамдағы үдерістерді басқаруға, яғни билікке ұмтылысы соншама белсенді болып келуінің сыры осында жатыр деуге болады.

Қазақстандық гуманитарлық саланың зерттеушісі В.Д.Курганская өзінің жүргізген нақты социологиялық зерттеулеріне сүйене отырып Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жетілдірудің жолы еліміздегі әртүрлі этнос өкілдерінің мемлекеттік билікте көбірек тартылуымен байланыстырады. Елімізде көші-қон мәселесіне, әсіресе орыс тілді азаматтардың өздерінің тарихи Отандарына оралуларына қазақтардың билік құрылымдарында басымдық танытуы және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өзінің функциясын кеңейтуі тікелей әсер ететінін тұжырымдайды [7]. Бұл жерде айта кететін жәйт: орыс тілді азаматтардың құқықтары елімізде ешқандай шектелмейтіндігіне көптеген дәйектемелер келтіруге болады. Бұқаралық ақпарат құралдары бойынша, барлық деңгейдегі оқу орындары мен қызмет көрсету салаларында орыс тілінде тұлғалық паш етілуге ешқандай шектеулер қойылмаған, керісінше, барынша жағдайлар жасалынғаны белгілі. Қазақстанның этносаралық қатынастарды реттеу саясатын қарастыра келе, әлі де болса этносаралық қатынастарды шешудің белігілі бір жүйелі механизмдері қалыптаспағанын алға тарту керек. Қазақстандағы этносаралық қатынастарды реттеуде келесідей мәселелерді ұсынамыз:

- Қазақстандағы этносаралық процестерді зерттейтін және бақылап талдап отыратын тәуелсіз ғылыми зерттеу институты құрылуы қажет;

- Этносаралық қатынастарда маңызды саяси институт рөлін атқаратын Қазақстан Халықтар Ассамблеясының рөлі мен қызметін нақтылап айқындау шарт;

- Этносаралық қатынастарды реттеудегі азаматтық қоғам институттарының (саяси партиялар, саяси ұйымдар, ҮЕҰ) рөлін арттыру қажет;

- Ұлттық бірегейлікке негізделе отырып, Қазақстандық азаматтық бірегейлікті қалыптастыру керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 С.Хантингтон. «Столкновение цивилизаций» Под общей редакцией К. Королева и Е. Кривцовой. 2006, 348 с.
- 2 Н.А. Назарбаев. Стратегия «Казakhstan-2030» в действии: десять лет успеха. Доклад на конференции, посвященной 10-летию «Стратегии Казakhstan-2030». Астана, 12.10.2007.
- 3 А. Куртов. Проблемы межэтнических отношений в Казakhstanе. 2006 г.
- 4 Панорама 11.08.2006г.
- 5 Этносаяси процестерді дамытудағы БАҚ рөлі (Қазақстандық тәжірибе). Алматы 2010 ж. 32 б.
- 6 Нысанбаев Ә.Н. Егемендікке ие болу мен нығаюы жағдайындағы қоғамдық сананың эволюциясы және жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасуы// Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Астана: Аударма, 2006. - 544 б
- 7 Курганская В.Д. К вопросу о межэтнической интеграции в Казakhstanе//Германия-Центральная Азия – диалог культур: история, современность, перспективы. Алматы, 2002.-288с

Zhengisbek M. Tolen

PhD, Assistant Professor of the Department of Social Sciences, Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

THE POLICY OF INTERETHNIC RELATIONS IN KAZAKHSTAN

Abstract: In the article the author considers that the political stability is essential and important for all the countries of the world. Nowadays it is one of the actual problems as well. The author points out that there is no state strategic development without internal political stability. That is why to save its internal political stability and unitarity any state should be grouped around the common ideology. Saving the internal political stability is the state strategic direction of the multinational and multiconfessional Kazakhstan. The article considers development of interethnic relations and the mechanisms of its regulations in multinational Kazakhstan society. The main ways of settlement of interethnic relations in Kazakhstan is the development of civil society and the formation of the culture of tolerance and mutual understanding among citizens. The formation of political stability in Kazakhstan is related with the establishment of the Kazakh model of interethnic harmony

Key words: Inter-ethnic relations, civil society, political stability, social harmony, democracy, consensus.

Толен Ж.М.

PhD, ассистент профессор кафедры социальных наук, Университет имени Сулейман Демиреля, Каскелен, Казахстан

ПОЛИТИКА МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация: В статье автор рассматривает вопросы политической стабильности, которая является необходимым и важным условием эффективного развития для всех стран мира. На сегодняшний день это одна из самых актуальных проблем. Автор указывает, что нет государственной стратегии развития без внутренней политической стабильности. Именно поэтому, для сохранения своей внутренней политической стабильности и унитарности любого государства, должна существовать общая идеология. Сохранение внутренней политической стабильности является государственным стратегическим направлением многонационального и многоконфессионального Казахстана. В статье рассматривается развитие межнациональных отношений и механизмы его регулирования в многонациональном казахстанском обществе. Основными способами урегулирования межэтнических отношений в Казахстане является развитие гражданского общества и формирование культуры толерантности и взаимопонимания между гражданами. Формирование политической стабильности в Казахстане связано с созданием казахстанской модели межэтнической гармонии.

Ключевые слова: Межэтнические отношения, гражданское общество, политическая стабильность, социальная гармония, демократия, консенсус.